Балалардың дербес әрекеті	Д/О « Көлік» Көлік жүргізушісі туралы не беледі? Жүргізуші барлық көлікке қажет пе? Балалардың ойларын	Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру) Д/О: «Бет орамалға лайық жамауларды табу»	Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің	Ойнайық та, ойлайық» Қағаздан ұшақ құрастыруды ұсыну (Танымдық дағдыларын	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау,

	<p>тыңдау, кітаптардан көлік түрлерінің суретін қарату.</p> <p>(Коммуникативтік дағдыларын дамыту) Д/О : «Үй жауарларын ата»</p> <p>Д/О «Ғажайып қорапша» Мақсаты: қорапшадан түрлі көлік түрлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (Танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамыту) «Бұлттар» Мақсаты: балалардың асапан сұлулығын көре алу дағдыларын қалыптастыру. (Экологиялық тәрбие)</p>	<p>Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Д/О : «Әжемнің оюы» (сурет салу)</p> <p>«Құмырсқаның қанағаты» ертегісін оқып беру, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p> <p>«Бес асық» ойыны Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады</p> <p>«Жолдан абайла» Мақсаты: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. (Қауіпсіздік ережесі)</p> <p>« Асықпен безендір» ойыны. Мақсаты: Жазықтықты бағдарлай білуге үйрету.</p>	<p>дамыту.)</p> <p>Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p> <p>Ұшақ пен кемелерді қиып жапсыру. (шығармашылық дағдыларын дамыту) Д/О « Аққайынға көмектес» Мақсаты: ағаштардың қасиетін аша отырып ,сөдік қорын дамыту, байланыстыра сөйлеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Шарға сурет салу» Мақсаты: әдемілікке эстетикалық талғамдарын дамыту.</p>	<p>ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)</p> <p>Д/О «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: есте сақтау ,зейін дерін дамытып, отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйрету. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту)</p> <p>«Қыз қуу» Мақсаты: жылдамдыққа, есте сақтауын, қимыл қозғалыстарын дамыту.</p>
<p>Жеке жұмыс</p>	<p>Құрастыру «Ою өрнектер» Мақсаты: ою-өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету. «Аслан, Жасмин) (Танымдық</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Бөліктерін тап» Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. (Арсен, Нұртөре) (Коммуникативтік</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін</p>	<p>«Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: жоғары-өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау. (Айзере, Жанель) (Танымдық</p>	<p>«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Мақсаты: Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Ойыншықтарды атай</p>

	дағдыларын)	дағдыларын)	дамыту. Нуртуған, Айлин) (коммуникативтік дағдыларын)	дағдыларын)	отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету. (Арсен, Айзере) (Коммуникативтік дағдыларын)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Қардан қамалдар құрастырып, нысанға дәл тигізіп қар түйіршіктерін лақтыруын ұйымдастыру. Еркін ойындар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуенне оралу	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.				
Баланың дербес іс әрекеті.	Балалардың өз қалауымен ойындар ойнау. Ұлттық ойын. «Тақия тастау.	Мақал – мәтелдер 1. Ас атасы нан Нан атасы дән 2. Еңбек түбі береке, Көптің түбі мереке	Сюжеттік рольдік ойын ойнату: «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың өзі-өзі қықмет етуге баулу.	«Дұрыс орналастыр» Ойынның шарты: Ұн, бидай, нан суреттері беріледі. Сурет, ретімен орналастырулары керек. Тыйым сөздер: 1. Нанды бір қолмен үзбе. 2. Нанды, дастарханды баспа. 3. Нанды төңкеріп тастама. 4. Нанды аяққа баспа. Мағыналарын түсіндіру.	Шығармашылық орталығында сурет салу
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиеші : Дүйсенбі Н

Әдіскер:  Тяглая И.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 20-24.01.2025ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
---------------------------------	-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	-------------

	20.01.2025	21.01.2025	22.01.2025	23.01.2025	24.01.2025
Қаңтар. Құндылықтар: «Заң және тәртіп» Дәйек сөзі : «Әділ заң аспан тірегі»					
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) Қажетті сөздер: қайырлы таң, көңіл күйің қалай?, қал қалай, кешіріңіз. Күй күмбірін тыңдау. Күй: «Ақжауын»				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қыс мезгілі туралы жаттаған тақпақтарын, ертегілерін естеріне түсіру. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)	«Кәрі аяз бен жас аяз» ертегісін оқып беру. Мақсаты:: Өздеріне айтуға мүмкіндік беру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)	«Маша мен аюдың қысқы қызығы» мультфильмін тамашалату. Мақсаты:: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)	Терезенің жақтауын сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (Танымдық дағдыларын дамыту)	«Бес ойыншық» Мақсаты: Топтағы ойыншықтарды 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (Танымдық дағдыларын дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату .№2 (3-4) апта (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Қажетті сөздер: аяқ,бел ,көз, құлақ, тізе, созыламыз, керілеміз.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту) Қажетті сөздер: ас болсын, асықпай же, дұрыс отыр, тауысып же, ет,көкіністер сорпасы.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Саусақтар ойыны Мына саусақ-анашым!	Саусақ жаттығуы «Өрмекші»	Саусақ жаттығуы «Жұдырық»	Саусақ жаттығуы. «Аралар»	Саусақ жаттығуы «Балықтар»

<p>дайындық</p>	<p>Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем ғой! Мына саусақ-атам ғой. Ба Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.</p>	<p>Өмекші бұтақта өрмеледі, Балалар да артынан ерді, Жаңбыр жауып, Өрмекшіні бұтақтан шайып жіберді, Күн жылына бастап, Өрмекші талға міне бастады, Балалар ерді өрмекшімен, Бұтақта серуендеуге.</p>	<p>Тук-ток, тук-ток Бір жұдырық балға сияқты соғады, Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз, Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз, Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып, Тук-ток, тук-ток екі қолмен, екі аяқ.</p>	<p>Бір қолда ағаш, екінші қолда араның үйі, Араның үйіне қараймыз: - Ара қайда? - Көрінбейді. Үйінің есігін қағамыз, -1,2,3,4,5 -Ал, мен шыршаны қағамын -Қайда, қайда аралар? Кенеттен аралар ұша бастады, -1,2,3,4,5</p>	<p>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп, Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)</p>	<p>Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)</p>	<p>Музыка (Маман жоспарымен)</p>	<p>Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)</p>	<p>Қазақ тілі Музыка (Маман жоспарымен)</p>
	<p>Тақырыбы: «Т» дыбысы Мақсаты: дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Білім беру міндеті: «Т» дыбысын айтып, жаттығу «д», «Т» дыбыстарын ажыратуға үйрету. Дамыту міндеті: тілдерін дамыту Тәрбиелеу міндеті: ұқыпты, зейінді болуға тәрбиелеу. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p>	<p>Тақырыбы: 1-5 дейінгі реттік санау. Мақсаты: реттік санау дағдыларын, сан есімді жіктеу мен септеу жағдайындағы зат есімдермен сәйкестендіруді жетілдіру. Білім беру міндеті: Санды тура және кері санауды, қортынды санды цифрлық таңбапсымен сәйкестендіруді үйрету.</p>	<p>Тақырыбы: «Мәдинаға арналған қолғап» Мақсаты: қолғап туралы түсініктерін толықтыру. Білім беру міндеті: қолғап салуды және геометриялық фигуралармен әшекейлеуге үйрету. Дамыту міндеті: қол қимылдарын дамыту. Тәрбиелеу міндеті: тазалыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Тақырыбы: «Ұлттық киім киген қуыршақ» Мақсаты: қуыршақ туралы білімдерін толықтыру. Білім беру міндеті: жазықтық жұмыстарды орындауды үйрету. Ұлттық киімдердің атауын, стеканы қолдануды бекіту. Дамыту міндеті: қиялын дамыту. Тәрбиелеу міндеті: ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Шығармашылық</p>	<p>Тақырыбы: «Қысқы киімдер» Мақсаты: қысқы киімдер туралы түсінік беру. Білім беру міндеті: қысқы киімдерді ажырата білуге, ауа-райы жағдайларына бақылау жасай білуге үйрету. Дамыту міндеті: киімдерді үйлестіріп кию дағдыларын дамыту.</p>

	<p>Тақырыбы: «Көше» Мақсаты: көше туралы түсініктерін толықтыру. Білім беру міндеті: сюжет бойынша біріктіріп құрастыруды үйрету. Дамыту міндеті: шығармашылық ,қиялын дамыту. Тәрбиелеу міндеті: ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Дамыту міндеті: көлемі бойынша заттарды салыстыруды дамыту. Тәрбиелеу міндеті: зейінді болуға тәрбиелеу. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Тақырыбы: «Әдемі көйлек киген қуыршақ» Мақсаты: қуыршақ туралы білімдерін кеңейту. Білім беру міндеті: адамның мүсінін бейнелеуді , дене пішіні мен пропорцияларын бере білуді үйрету. Дамыту міндеті: жапсыру дағдыларын дамыту. Тәрбиелеу міндеті: ұқыпты, таза,әдемілікке тәрбиелеу. (Шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>	(Шығармашылық дағдыларын дамыту)	дағдыларын дамыту)	<p>Тәрбие міндеті: киімді ұқыпты таза ұстап киноге тәрбиелеу. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту)</p>
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет) Қажетті сөздер: ботқа, нан,май,ірімшік, таусып же,				
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.				
Серуен	<p>Қар жинайтын машинаны бақылау Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды</p>	<p>Күннің көзін бақылау Мақсаты:күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен)</p>	<p>Жайсыз ауа райын бақылау Мақсаты: Балаларға ауа райының</p>	<p>Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың</p>	<p>Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа</p>

	<p>жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.</p> <p>Тапсырма: Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңдетсем деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Бұл машинаның аты қалай? 2.Ол не істейді? 3.Ол қарды қалай жинайды? 4.Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? <p>Көркем сөз: Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол поездың. Қатар-қатар тұратың Поезды біз құрайық.</p> <p>Қимылды ойын: Аңшы мен коян</p> <p>Мақсаты: нысаңаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу.</p> <p>Еңбек: түрлі-түсті мұзды қатырып қою.</p> <p>Мақсаты: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.</p> <p>Жорамал: Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады.</p>	<p>байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.</p> <p>Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар..</p> <p>Еңбек: Аққала жасау.</p> <p>Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әңгіме-салаттарды құрату.</p> <p>Жұмбақ; Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.</p> <p>Ұлттық ойын: « Ақ қоян»</p> <p>Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p>	<p>жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну.</p> <p>Қатты желге назар аудару.</p> <p>Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ ықармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз – аздан шақтармысың?!</p> <p>Қимылды ойын: Үшінші артық</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Еңбек: Ауланы қардан тазалау.</p> <p>Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.</p> <p>Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу.</p> <p>Жаңылпаштар: Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....</p>	<p>белгілерін ажырата білуге үйрету..</p> <p>Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков)</p> <p>Қимылды ойын: Аяз Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: ойын ауласын қардан тазартып қою.</p> <p>Мақсаты: күреппен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.</p> <p>Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады.</p> <p>Хан талапай» Мақсаты: тапқырлыққа, ептілікке, жылдапдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.</p> <p>Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана.</p> <p>Қимылды ойын: ұстап ал</p> <p>Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.</p> <p>Еңбек: қарды күреу.</p> <p>Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу.</p> <p>Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ, Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.</p> <p>Мақал: Сыртта тау болып жатса, Үйде су болып тұрады.</p> <p>Далада қар болса, Қамбада астық болады</p> <p>Ұлттық ойын: « Бес асық»</p> <p>Мақсаты: ақыл ойын, еске сақтауын, ептілікке тәрбиелеу..</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>Ұлттық ойын: «Ақ серек, көк серек», Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету</p>		<p>Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?</p> <p>Ұлттық ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>		
Серуеннен оралу	<p>Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Қолдарын жууға үйрету. Қажетті сөздер: тон, ауа-райы, суық, қыс, жылы киін.</p>				
	<p>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қиялындағы сурет». Мақсаты: қиялын дамыту, өзара қарым-қатынасты жақсарту.</p>	<p>"Түстерді тап!" Мақсаты: Түстерді ажырату және есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Сөз Тізбегі» Мақсаты: Сөздік қорын арттыру, әртүрлі сөздерді есте сақтау</p>	<p>Мнемотехника арқылы «Мақта қыз» ертегісін айту.</p>
Түскі ас	<p>Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Ойын- жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Қажетті сөздер: ет, сорпа, балық, бесбармақ, ас болсын.</p>				
Күндізгі ұйқы	«Ақжауын» күйін тыңдау.	«Ер төстік» ертегісін тыңдау.	«Ақжауын» күйін тыңдау.	« Қызыл телпек» ертегісін оқып беру	«Әлди -әлди» музыкасын тыңдау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №2 (3-4апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</p>				


	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Қажетті сөздер: қол, аяқ, бас, қимылдату, секіру, еңкейеміз, арқа.				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Қажетті сөздер: айран, сүт, бәліш, ірімшік.				
Балалардың дербес әрекеті	<p>Жануарлардың мүсінін жасау, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p> <p>Д\О: «Жұп суреттер» Мақсаты: Байқампаздық қабілеттерін дамыту, заттардың ұқсастығын және айырмашылығын табу, айту.</p> <p>Қыс мезгілі бейнеленген суреттерді бояу, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру. (шығармашылық дағдыларын дамыту).</p> <p>«Қоржын тігу» Мақсаты: ұлттық дәстүрді дәріптеп, қоржынның пайдасын түсіндіру. Ұлттық ою өрнекпен әшекейлеуге үйрету.</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру) «Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Достар креслоға отырып еді, оның аяғы сынып қалды – «мұңаю». Не істейміз?»- «таң қалу». Таптық! – «қуаныш». Балға мен шеге алып, орындықты жөндедік – «қуаныш». Енді ешқандай қиындық жоқ! «Тыныштық» Сюжеттік рөлдік ойын «Шаштараз» Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін - өзі ұстай білу мәдениетіне, бір - біріне</p>	<p>Д\О "Аққаланы құрастыр" Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; (танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Д\О «Вини-Пухқа арналған балмұздақ» Мақсаты: Тіктөртбұрыштан шеңбер формалар қиып алуға үйрету</p> <p>Д\О «Сен білесің бе?» Мақсаты. Төтенше қызметкерлердің телефон нөмірін атауға үйрету. (Қауіпсіздік ережелері) Әжемнің оюы «Қошқар мүйіз» Мақсаты: қошқар мүйіз</p>	<p>КВЕСТ : «Сиқырлы сандық» Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты: Жиһаздың жасалу технологиясымен таныстыру. Мыс: шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан....</p> <p>Д\О «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын тауп саластыру жағдайын жасау.</p> <p>Д\О « Ақ аю» Мақсаты: Аюдың суретін бояу суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. (шығармашылық дағдыларын дамыту).</p> <p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды</p>	<p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Қыста боран болар, қар болар. Қыздар шәлі орамал оранар.</p> <p>Қыста құлағым үсіп кетті, Үсіп, ісіп кетті. (коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p> <p>«Жабайы аңдар» Міндеттері: олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғынды (Әлеуметтік дағдыларын дамыту)</p> <p>«Ханталапай»</p>

	(Шығармашылық дағдыларын дамыту)	көмектесуге және жағымды қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Ойын жағдаятын қалыптастыру.	оюының атауын түсіндіру. Оны сызу дағдыларын үйрету. (Шығармашылық дағдыларын дамыту)	санату. (Танымдық дағдыларын дамыту) Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету. (Коммуникативтік дағдыларды дамыту.)	Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Мақсаты: балалардың зейінділік пен байқағыштығын дамыту, жануарлардың төлдерін ажыратуға үйрету. (Айзере, Айлин) (Коммуникативтік дағдыларын)	Д\О «Кім, Не?, кімге арналған» Мақсаты: балалардың тілдік қабілеттерін дамыту. (Нуртуған, Алинур) (Коммуникативтік дағдыларын)	Саусақ жаттығуы: «Қоянның құлағы» Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен Бітқып-ытқып жүгірді. (Аслан, Нуртөре) (Коммуникативтік дағдыларын)	«Жоғарыда–төменде, биік-аласа» Мақсаты: жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау. (Айзере, Жанель) (Танымдық дағдыларын)	Құрастыру «Ою өрнектер» Мақсаты: Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету. (Жасмин, Арсен) (Шығармашылық дағдыларын)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру.				
Серуен	Қар үстіндегі іздерді бақылау Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге	Қар ұлпаларын бақылау Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың	Қар жауып тұрған көріністі бақылау Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру.	Қырауды бақылау Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан,	Мұз сүнгісін бақылау Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске

	<p>үйрету. Көркем сөз: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Еңбек: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: Ақ қоян Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Мақал: Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. Ұлттық ойын: «Хан талапай» Мақсаты: тапқырлыққа, ұстамдылыққа, ептілік</p>	<p>құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын Ортаға түспек Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану. Ұлттық ойын: «Соқыр теке» ойыны. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Тапсырма: Қыс тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: Аңшы мен қояндар Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Жеке жұмыс: Адам қар қиыршықтары тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру . Ұлттық ойын «Ақ серек, көк серек», Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа,</p>	<p>Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын: Суыққойлар Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. Ұлттық ойын «Көтермек» Мақсаты: балалардың ойын күшін дамыту.</p>	<p>баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: Сүмелек мұз тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнге жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Ұлттық ойын «Арқан тарту» Мақсаты: жылдамдыққа, төзімділікке, достық</p>
--	---	--	---	--	--

	қабілеттерін дамыту		байқампаздыққа үйрету.		қа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. Қолдарын жууға үйрету.					
Дербес іс әрекет	Сюжеттік рөлдік ойын. «Шаштараз» Мақсаты: ойынға қызығушылықтарын, өз бетінше ойнай білу қабілеттерін дамыту.	Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару. Мақсаты: балалар бойында табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	«Асық ату» ұлттық Мақсаты: Ептілікті, шапшаңдықты, ұқыптылықты арттыру, ұжыммен бірге ойнауға, сөздік қорларын молайтуды дамыту:	Еркін ойындар бойынша ән айту, қимылды би билету. (муызка) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	«Бау байлау» ойыны. Еркін ойындар.	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, Денсаулық отауы «Ас – адамның арқауы» туралы кеңес беру.					

Тәрбиеші : Дүйсенбі Н

Әдіскер:  Тяглая И.А

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27.01-31.01.2025ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.01.2025	Сейсенбі 28.01.2025	Сәрсенбі 29.01.2025	Бейсенбі 30.01.2025	Жұма 31.01.2025
Қаңтар. Құндылықтар: «Заң және тәртіп»					

Дәйек сөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»					
Балаларды қабылдау	<p>Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).</p> <p>Қажетті сөздер:Қалыңыз қалай?, кешірімді бол, тату бол, сау болыңыз.</p> <p>Күй: «Кероғлы»</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағылану.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Д\О «Достық» Мақсаты: достық тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарату. Әңгімелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p>	<p>Д\О «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Мақсаты: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Д\О «Не қайда келеді?» Мақсаты: Берілген тапсырма бойынша , сызықтарды анықтап, жол көрсету,балалардың танымдық қабілеттерін арттыру. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту (Танымдық дағдыларын дамыту)</p>	<p>Геометриялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p>
	<p>Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату №2 (3-4) (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу Қажетті сөздер:дене,аяқ, қол, қимылдау.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	<p>Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру Қажетті сөздер:ботқа, май, дәмді, ірімшік, таусып же, дұрыс отыру, асықпай же.</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру Қажетті сөздер:ботқа, май, дәмді, ірімшік, таусып же, дұрыс отыру, асықпай же.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Саусақ жаттығуы «Киімдер» Мақсаты: саусақ</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. «Саңырауқұлақ»</p>	<p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. «Сырлаушы»</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Құстар қанат қағады» Мақсаты: саусақ</p>

	қимылдарын жетілдіріп, тілдерін дамыту.	Мақсаты: тілді жоғары көтеруге үйрету.	қыл»	Мақсаты: тілдің қимылын жетілдіру және көтеруге үйрету.	қимылдарын дамыту.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)	Музыка (Маман жоспарымен)	Дене тәрбиесі (Маман жоспарымен)	Қазақ тілі Музыка (Маман жоспарымен)
	Тақырыбы: «Жиһаз» Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін толықтыру. Білім беру міндеті: ойыншықтар мөлшеріне қарай жиһаз құрастыруды үйрету. Дамыту міндеті: қиялын дамыту. Тәрбие міндеті: зейінді болуға тәрбиелеу. (Танымдық дағдыларын дамыту)	Тақырыбы: «сандар мен 1-5 ке дейінгі цифрлар» Мақсаты: 5 ке дейінгі санап, қортынды санды атау дағдыларын детілдіру. Білім беру міндеті: кеше ,бүгін,ертең , уақып ұғымдарымен байланыстыру дағдысын бекіту. Дамыту міндеті: бір затты алып тастау арқылы топтардың теңдігін, екі жолмен құруды дамыту. Тәрбие міндеті: зейінді болуға тәрбиелеу. (Танымдық дағдыларын дамыту) Тақырыбы: «Жиһаз дүкені» Мақсаты: тік бұрыш пен шаршыны тең бөлікке бөлу, сызық бойынша бұрыштар мен жақтауларын теңестіруді үйрету. Білім беру міндеті: көлемі бірдей бөлшектерді	Тақырыбы: «Жүк көлігі» Мақсаты: ойыншықты сипаттап әңгіме құрастыруды үйрету. Білім беру міндеті: ойыншықтың бөліктері атқаратын қызметін ажыратып, ,сипаттай білуге үйрету. Дамыту міндеті: қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын дамыту. Тәрбие міндеті: ойындықтарды сындырмаы, ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту.) Тақырыбы: «Сазбалшықтан жасалған табақ» Мақсаты: қазақ халқының ыдыстары жайлы түсінік беру. Білім беру міндеті: сазбалшықтан табақты	Тақырыбы: « Әдемі құмыра» Мақсаты: Құмыра туралы түсініктерін кеңейту. Білім беру міндеті: құмыра жасап және оны безендіруге үйрету. Дамыту міндеті: шығармашылық қиялын дамыту Тәрбие міндеті: әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Шығармашылық дағдыларын дамыту)	Тақырыбы: «Денсаулық әлемі» Мақсаты: жыл мезгіліне байланысты таза ауада жүруді, шынығу, жаттығу жасауды үйрету. Білім беру міндеті: таза табиғи өнімдерді дұрыс қолдануды қалыптастыру. Дамыту міндеті: дұрыс тамақтануға дағдыландыру. Тәрбие міндеті: ұқыптылыққа ,таза алыққа тәрбиелеу. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту)

		қолдана отырып жиһаз қию мен желімдеуді үйрету. Дамыту міндеті: саусақ қимылдарын дамыту. Тәрбие міндеті: әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеу. (Шығармашылық дағдыларын дамыту)	қалай жасайтынын, ою өрнекпен сәндеуге үйрету. Дамыту міндеті: көркемдік талғамын дамыту. Тәрбие міндеті: әсемдікке тәрбиелеу. (Шығармашылық дағдыларын дамыту)		
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті, (кезекшілік) Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік әрекет). Қажетті сөздер: көкіністер, алма, алмұрт, сусын.				
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Қажетті сөздер: табиғат, ауа-райы, суық, аяз.				
Серуен	Қайын ағашын бақылау (қиялдау) Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді.	Терезедегі өрнектерді бақылау Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері атты ұжымдық жұмыс жасау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Қимылды ойын:	Желді бақылау Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады?	Қар тазалушының еңбегін бақылау Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңдетсем деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Көркем сөз Қолынам киіп қолғап,	Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: Таңғажайып ағаштарды безендіреміз тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды

	<p>Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: Біз көңілді баламыз Жеке жұмыс: Жұмбақты шеш сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ұйым шылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Айлакер түлкі Мақсаты:оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Еңбек:қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты:күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. Жеке жұмыс:қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал:қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Ұлттық ойын: « Айгөлек- ау айгөлек» Мақсаты:балаларды адамгершілікке , ұжымдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: Әткеншек Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсаты: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса – күн желді болады Ұлттық ойын: «Ақ серек пен көк серек» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету.</p>	<p>Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. Қимылды ойын: Сауыққойлар (қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: Кім алысқа секіреді? Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ жауды Ұлттық ойын: «Ақ сүйек» Мақсаты:балалардың ойлау қабілеттерін дамыту</p>	<p>қалай атаймыз? 2.Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3.Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4.Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: Сөзбен суреттеп айт ағаштың түрін таны. Қимылды ойын:Ордағы қасқыр Мақсаты:секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек:ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты:қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Ұлттық ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: жылдамдыққа, төзімділікке ,достыққа тәрбиелеу.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.</p>	<p>«Артығын тап.» мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік</p>	<p>Ертегі оқып беру. «Ешкі мен түлкі» Мақсаты: тапқырлыққа,</p>	<p>«Қоянға көмектес.» мақсаты: Заттарды санауға және олардың</p>	<p>«Жер, су, ауа, от.» мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін</p>

	«Ұқыпты бала» әңгімесі	қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.	байланыстыра сөйлеуге үйрету.	екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.	дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.
Түскі ас	<p>Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Қажетті сөздер: ет, орама, балық сорпасы, нан</p>				
Күндізгі ұйқы	«Кероғлы»күйін тыңдату	« Жеті лақ» ертегісін оқып беру	«Құлыншағым» музыкасын тыңдау.	« Түлкі мен ешкі» ертегісін тыңдау.	« Кероғлы » күйін тыңдау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. №2 (3-4апта) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қояды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Қажетті сөздер: бас, мойын, аяқ, созыламыз, шалқаямыз.</p>				
Бесін ас	<p>Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Қажетті сөздер: айран, сүт, бәліш, ірімшік.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Достарымен бірге ойнайтын ойыншықтарды мүсіндеу. Бірлесе ойнау. Шығармашылық дағдыларын дамыту) Қ/О:»Ұшты-ұшты». Мақсаты : Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын аңғаруға тарбиелеу</p>	<p>Кітаптарды қарату. Суреттер бойынша ертегі құрастыру. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту) Балалардың қалауы бойынша «Жаман жолдас» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын</p>	<p>Д\О «Қоржын» Мақсаты: Ойын ойнату әр балаға қоржыннан бір зат аладырту. Содан соң сол заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі</p>	<p>Үстел ү\о: «Жоғалған зат» Мақсаты:Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады Сюжеттік рөльдік</p>	<p>Д\О «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p>

	<p>Д\О. «Сиқырлы қораптар» Мақсаты: Сиқырлы қораптар туралы түсінік беру. Құрастыруға қалыптастыру. Қауіпсіздік шараларымен таныстыру. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Қайшымен жұмыс істеуді жетілдіру. Достарға арналған жолдар жасату. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» «Бес асық» Мақсаты:Түсі бірдей бес асықты тігнен немесе көлденеңінен бір жерге жинау.</p>	<p>дамыту. Аюды және екі досты қиып ертегі желісі бойынша жапсыру. Суреттерін бояу. Аюдың мүсінін жасату. (шығармашылық дағдыларын дамыту)</p> <p>Д\О «Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік» Мақсаты: үйдегі және балабақшадғы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту.Ережелерді сақтауға тәрбиелеу. (Қауіпсіздік ережелері)</p>	<p>және белгісіз қасиеттерін атауын ұйымдастыру. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p> <p>Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу</p> <p>Д\О: «Алыста ма, жақында ма?» Мақсаты: Затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Д\О «Шаш өру» Мақсаты: Ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, сұлулық сияқты жан –жақты ұлттық қасиеттерді танып білуге үйрету.Ұсақ қол саусақ моториксын дамыту. (Танымдық шығармашылық, дағдыларын)</p>	<p>ойын: «Дәрігер».</p> <p>Д\О Арнайы көліктер жүк және жолаушылар көліктері» Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру. Олардың жұмысына сипаттама беру. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту)</p> <p>Әжемнің ою-өрнегі. «Құс қанаты» Мақсаты: ою өрнектер туралы білімдерін толықтырып, қағаз бетіне түсіруді үйрету.</p>	<p>«Геометриялық фигураларды қызықты нысанға айналдыру» Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту; мүсіндеу дағдысын жетілдіру, геометриялық фигураны атауға және ажыратуға үйрету. (Танымдық, шығармашылық дағды)</p> <p>Д\ О саусақ ойыны: «Бір үйде біз нешеуіміз?» Мақсаты: саусақ ойыны арқылы отбасы мүшелерін атап, сөздік қорларын байыту. (коммуникативтік дағдыларын)</p> <p>сюжетті-рөлдік ойындар «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру. (Әлеуметтік дағдыларды)</p>
Жеке жұмыс	Қоянның құлағы» Ұзын құлақ сұр қоян,	«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»	Д\О «Тостаған»	Д\ О «Көршісін тап»	Д\О «Шаршы құрастыр»

	Естіп қалып сыбдырды Ойлы-қырлы жерлермен БІтқып-ытқып жүгірді. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту. (Аслан, Айлин) (Коммуникативтік дағдыларын)	Мақсаты: жоғары- өмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау. (Нұртөре, Алинур) (танымдық дағдыларын)	Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру (Айзере, Аиша) (шығармашылық дағдыларын)	Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. (Арсен, Амира) (танымдық дағдыларын)	Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. (Нұртуған, Жасмин) (Танымдық дағдыларын)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. Қажетті сөздер: жемпер, етік, қолғап, мойынорауыш., суық, аяз.				
Серуен	Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеуге үйрету. (Физикалық дағдыларын)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту (Физикалық дағдыларын)	Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты: Балаларда бірлік, татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (Физикалық дағдыларын)	Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (Физикалық дағдыларын)	Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (Физикалық дағдыларын)
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі				
Дербес іс әрекет	Қимылды ойын «Трамвай»	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.	Қимылды ойын «Трамвай» Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.	Қимылды ойын « Ақ қоян» Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру. «Достық туралы, топтағы достары» туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиеші : Дүйсенбі Н

Әдіскер:  Тяглая И.А